



**Конева Светлана Николаевна**

**Математика, физика және информатика институтының, Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, педагогика ғылымдарының кандидаты.**

С.Н. Коневаның жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 21 жыл, 2000 жылдан бастап қазірге дейін Абай атындағы ҚазҰПУ-де қызмет етіп келеді. 2004 жылы 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (информатика) мамандығы бойынша «Развитие системы обучения информатике на основе использования интранет-технологий» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. 2009 жылы 05.13.00 – Ақпараттама, есептеу техникасы және басқару мамандығы бойынша доцент атағын алған. 2020 жылдан бастап ҚР Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.

Жалпы 200-ден аса ғылыми еңбектері, оның ішінде 2 монография (авторлық бірлестікте), 50-дан астам оқулықтары мен оқу құралдары жарыққа шыққан. Оның ішінде; ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған «Основы компьютерных технологий» (2006), «Информатика» (2009), «Компьютерные сети» (2010), «Перевод в профессиональной межкультурной коммуникации» (2015) атты оқу құралы; ҚР БҒМ ұсынған «Мультимедийная обучающая программа по информатике» (2001) атты электрондық оқулық, ЭЕМ арналған «Перевод в профессиональной межкультурной коммуникации» атты программаға авторлық куәлік (2015). С.Н. Коневаның жетекшілігімен 1 докторлық PhD диссертация қорғалған (2019). С.Н. Конева 2016 жылы «Үздік тәрбие жетекшісі» медалінің иегері атанған (Абай атындағы ҚазҰПУ). С.Н. Конева Bilim Land ұлттық платформасы базасында ҚР БҒМ-мен келісілген мұғалімдердің білімін жетілдіру курсы білім бағдарламасының тізіміне кіретін «Цифрлық трансформациялау жағдайында педагогтың заманауи құзырлылықтарын қалыптастыру» және «Формирование современных компетенций педагога в условиях цифровой трансформации образования» атты жаппай ашық онлайн курстары авторларының бірі болып табылады (2021).